

Қазақстан Республикасы Атом энергиясы агенттігінің мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 9 шілдедегі № 926 Қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 26 ақпандағы
186 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 26.02.2013 N 186 қаулысымен.

«Қазақстан Республикасы Атом энергиясы агенттігі туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 7 мамырдағы № 321 Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Функциялары, өкілеттіктері мен мүлкі Қазақстан Республикасы Атом энергиясы агенттігіне (бұдан әрі – Агенттік) беріліп, Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Атом энергиясы комитеті т а р а т ы л с ы н .

2. Қоса беріліп отырған:

1) Агенттік туралы ереже;

2) Агенттіктің карамағындағы ұйымдардың тізбесі;

3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің «Қазақстан Республикасының ұлттық ядролық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны Қазақстан Республикасы Атом энергиясы агенттігінің «Қазақстан Республикасының ұлттық ядролық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны болып қайта аталсын.

4. «Қазақстан Республикасының Атом қуаты жөніндегі агенттігі туралы» Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 22 қыркүйектегі № 786 қаулысының күші жойылды деп танылсын (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1992 ж., № 36, 553-құжат).

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2012 жылғы 9 шілдедегі
№ 926 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Атом энергиясы агенттігі туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Атом энергиясы агенттігі (бұдан әрі – Агенттік) Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрамына кірмейтін, атом энергиясын пайдалану, ядролық және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, ядролық материалдар мен ядролық қондырғыларды физикалық қорғау, Қазақстан Республикасының аумағында ядролық қаруды таратпау режимін сақтау саласындағы басшылық етуді және мемлекеттік реттеуді, сондай-ақ заңнамада көзделген шектерде өзінің құзыретіне жатқызылған қызмет саласындағы салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган болып табылады.

2. Агенттік өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Агенттік мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы жазылған мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті органдарында шоттары болады.

4. Агенттік азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. Егер Агенттікке Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілсе, оның мемлекет атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарабы болуға құқығы бар.

6. Агенттік өз құзыретінің мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Агенттік төрағасының немесе оны алмастыратын тұлғаның бұйрықтарымен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Агенттіктің штат санының лимитін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

8. Агенттіктің заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Орынбор көшесі, 8, 13-кіреберіс.

9. Агенттіктің толық атауы – «Қазақстан Республикасы Атом энергиясы агенттігі» мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ереже Агенттіктің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Агенттіктің қызметін қаржыландыру республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

12. Агенттікке кәсіпкерлік субъектілерімен Агенттіктің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау мәніне шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

13. Егер Агенттікке заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда мұндай қызметтен алынған кірістер республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Агенттіктің негізгі міндеттері, функциялары мен құқықтары

14. Агенттіктің негізгі міндеттері:

1) атом энергиясын пайдалану саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыруға қатысу және оның негізгі бағыттарын іске асыруды қамтамасыз ету;

2) өз құзыреті шегінде атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметті мемлекеттік реттеу мен үйлестіруді жүзеге асыру;

3) ядролық, радиациялық және физикалық ядролық қауіпсіздіктің қамтамасыз етілуін мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

4) Қазақстан Республикасының аумағында және/немесе оның заңды құзырындағы аумақта ядролық қаруды таратпау режимінің талаптарын сақтауды қамтамасыз ету;

5) атом энергиясын пайдалану саласындағы халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру;

6) өз құзыреті шегінде атом энергиясын пайдалану саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу және бекіту;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Агенттікке жүктелген өзге де міндеттерді жүзеге асыру болып табылады.

15. Агенттік қолданыстағы заңнамаға және өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) атом энергиясын пайдалану саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыруды және іске асыруды қамтамасыз етеді;

2) атом энергиясын пайдалану саласындағы бағдарламалық құжаттарды әзірлейді және келіседі;

3) атом энергиясын пайдалану саласында салааралық үйлестіруді жүзеге асырады;

4) атом энергиясын пайдалану саласында халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады, оның ішінде Атом энергиясы жөніндегі халықаралық

агенттікпен, басқа да халықаралық ұйымдармен және басқа мемлекеттердің құзыретті органдарымен өзара іс-қимылды ұйымдастырады;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өз құзыреті шегінде халықаралық шарттарды әзірлейді және жасасады;

6) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының атом энергиясын пайдалану саласындағы халықаралық шарттарды орындау жөніндегі қызметін үйлестіруді жүзеге асырады;

7) Қазақстан Республикасының атом энергиясын пайдалану мәселелері бойынша заңнамалық актілерін әзірлеу және өзгерту жөніндегі ұсыныстарды Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізеді;

8) атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметті регламенттейтін нормалар мен қағидаларды әзірлейді, белгілейді және қабылдайды;

9) стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті органмен бірлесіп, атом энергиясын пайдалану саласындағы сертификаттауға және стандарттауға қатысады;

10) атом энергиясын пайдалану саласындағы нормативтік техникалық құжаттарды әзірлейді, келіседі және бекітеді.

11) өз құзыреті шегінде техникалық регламенттердің жобаларын әзірлеу үшін сараптама кеңесін құрады;

12) атом энергиясын пайдалану объектілерін салуға жобалық құжаттаманы келіседі;

13) атом энергиясын пайдаланумен байланысты қызмет түрлерін лицензиялауды және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лицензияның қолданылу шарттарын тексеруді жүзеге асырады;

14) атом энергиясы саласындағы өз өкілеттіктерін пайдалануға байланысты инспекциялар өткізеді;

15) атом энергиясын пайдалану саласындағы нормалар мен қағидалардың сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

16) ядролық қондырғылар, ядролық материалдар және иондаушы сәулелену көздерінің физикалық қорғалуын қамтамасыз ету үшін қадағалауды жүзеге асырады;

17) радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы нормалар мен қағидалардың сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

18) Қазақстан Республикасының аумағында радиациялық жағдайға мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

19) радиациялық қауіпсіздікті бағалау нәтижесін бекітеді;

20) ядролық материалдар және иондаушы сәулелену көздерін есепке алу мен бақылаудың мемлекеттік жүйесін құрады;

21) ядролық материалдар және иондаушы сәулелену көздерін мемлекеттік

есепке алу мен бақылауды жүзеге асырады;

22) иондаушы сәулелену көздерінің тізілімін жүргізуді жүзеге асырады;

23) ядролық материалдарды, технологияларды, жабдықтарды, арнайы ядролық емес материалдарды, иондаушы сәулелену көздерін, ұлттық қауіпсіздік мақсатында бақыланатын тауарларды қоса алғанда, өз құзыреті шеңберінде экспорттық бақылауға жататын өнімдердің экспортын, импортын, өткізілуін, транзитін және орналастырылуын бақылауды жүзеге асырады;

24) коммерциялық мақсатта беруді, сатуды немесе сатып алуды немесе коммерциялық емес сипатта беруді қамтитын, атом энергиясын пайдалану саласындағы тауарлар мен қызметтердің экспорты мен импортын бақылауды жүзеге асырады;

25) өз құзыреті шеңберінде иондаушы сәулелену көздерінің, экспорттық бақылауға жататын өнімдердің және ұлттық қауіпсіздік мақсатында бақыланатын тауарлардың импортын, экспортын, импортын және транзитін келісуді жүзеге асырады;

26) Қазақстан Республикасы қатысатын халықаралық шарттарға, келісімдер мен уағдаластықтарға сәйкес экспорттаушы елдің құзыретті мемлекеттік органының сұрау салуы болған кезде, ядролық импорт өнімдерін бейбіт мақсатта пайдалану туралы растау береді;

27) Қазақстан Республикасы қатысатын халықаралық шарттарға, келісімдер мен уағдаластықтарға сәйкес ядролық қаруы жоқ елдердің құзыретті мемлекеттік органдарынан ядролық экспорт өнімдерін бейбіт мақсатта пайдалану туралы растауды сұратады;

28) ядролық, радиациялық және электрофизикалық қондырғылардың қауіпсіздігі үшін сапаны қамтамасыз ету бағдарламаларының үлгі мазмұнын және оны бекіту тәртібін анықтайды;

29) атом энергиясын пайдалану объектілерінде жұмыс атқаратын персоналға қойылатын біліктілік талаптарын белгілейді;

30) өз құзыреті шегінде радиоактивті қалдықтар айналымын мемлекеттік реттеуді жүзеге асырады;

31) ведомстволық статистикалық есептілік, тексеру парақтарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерін, «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жыл сайынғы тексеру жоспарларын әзірлейді және бекітеді;

32) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кеден аумағына/аумағынан тыс тауарларды қайта өңдеу және ішкі тұтыну үшін қайта өңдеу шарттары туралы құжат береді;

33) уран бөлігінде Жер қойнауын пайдалану саласында мемлекеттің басым

құқығын жүзеге асыру мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияға
ұ с ы н ы с т а р е н г і з е д і ;

34) уран кендерін барлауға, өндіруге, бірлесіп барлауға және өндіруге арналған келісімшарттық құжаттардың жобасын қарауға қатысады;

35) мемлекеттік құпияларды қорғау, азаматтық қорғаныс, жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру саласында өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының заңдарының және басқа да нормативті құқықтық актілерінің сақталуын қамтамасыз етеді;

36) ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды жоспарлау және өткізу бойынша ведомстволық бағынысты ұйымдардың қызметіне басшылық етуді жүзеге асырады;

37) ұлттық қауіпсіздік жүйесін жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізеді;

38) ұлттық қауіпсіздік саласындағы заңдар мен өзге де нормативтік-құқықтық актілердің сақталуын қамтамасыз етеді;

39) іс-әрекеті (немесе әрекетсіздігі) Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделерінің бұзылуына, ұлттық қауіпсіздігіне қауіп төнуіне әкеп соғатын лауазымды адамдарды, мемлекеттік қызметшілерді тиісті жауапкершілікке т а р т а д ы ;

40) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

16. Агенттік өзіне жүктелген міндеттерді іске асыру және өз функцияларын жүзеге асыру үшін заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) өз құзыреті шегінде орындау үшін міндетті нормативтік құқықтық актілер қ а б ы л д а у ғ а ;

2) мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, олардың лауазымды тұлғаларынан заңнамада белгіленген тәртіппен қажетті ақпарат пен материалдар сұратуға және а л у ғ а ;

3) атом энергиясын қауіпсіз пайдалану және ядролық қаруды таратпау режимінің шарттарын орындау саласындағы заңнаманы жетілдіру жөнінде ұ с ы н ы с т а р е н г і з у ғ е ;

4) атом энергиясын пайдалану және ядролық қаруды таратпау режимінің талаптарын Қазақстан Республикасының аумағында және/немесе оның заңды құзырындағы аумақта сақтау саласында қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін нормативтік техникалық құжаттар қабылдауға және бекітуге;

5) атом энергиясын пайдалану объектілеріне және оның қызметін сипаттайтын құжаттарға кедергісіз қол жеткізуге;

6) халықтың немесе қоршаған ортаның қауіпсіздігіне қауіп төнген кезде атом энергиясын пайдаланумен байланысты заңды тұлғалардың қызметін тоқтата

тұруға немесе тоқтату туралы мәселе қоюға;

7) атом энергиясын пайдалану, ядролық, радиациялық және физикалық ядролық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы әкімшілік құқықтық бұзушылықтар туралы хаттамалар жасауға және істерді қарауға және Қазақстан Республикасының әкімшілік құқықтық бұзушылықтар туралы заңнамасында көзделген тәртіппен әкімшілік жаза қолдануды жүзеге асырады;

8) атом саласындағы заңнаманы бұзу анықталған жағдайда атом энергиясын пайдалану объектілерінің басшыларына белгіленген үлгідегі нұсқама беруге;

9) атом энергиясын пайдалану объектілерін тексеру кезінде сарапшыларды т а р т у ғ а ;

10) атом энергиясын пайдаланумен байланысты қызметке және осындай қызметтің қауіпсіздігін қамтамасыз етуді негіздейтін құжаттарға сараптама жүргізуге ғылыми және өзге де сараптамалық ұйымдарды (шетелдіктерді қоса алғанда) және мамандар тартуға;

11) өзінің құзыретіне жататын мәселелер бойынша түсініктеме беруге;

12) атом саласының қызметкерлерін мақтау қағазымен және «Атом саласының еңбек сіңірген қызметкері» белгісімен марапаттауға;

13) Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен марапаттауға к а н д и д а т у р а л а р ұ с ы н у ғ а ;

14) Агенттіктің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша кеңестер, семинарлар, конференциялар мен халықаралық симпозиумдар өткізуге;

15) қолданыстағы заңнамалық актілерде көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

3. Агенттіктің қызметін ұйымдастыру

17. Агенттікті Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын және босататын төраға басқарады.

Төрағаның орынбасарлары болады, оларды төрағаның ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайды және қызметтен б о с а т а д ы .

Төраға Агенттікке басшылықты жүзеге асырады және Агенттікке жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз функцияларын жүзеге асыруына дербес ж а у а п т ы б о л а д ы .

18. А г е н т т і к т ө р а ғ а с ы :

1) Қазақстан Республикасының Парламентінде, өзге де мемлекеттік органдар мен ұйымдарда Агенттікті білдіреді;

2) нормативтік құқықтық актілердің жобаларын келіседі және қол қояды;

3) Агенттікте сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға қарсы іс-қимылға

бағытталған шаралар қабылдайды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар қабылдау үшін дербес жауапты болады;

4) өзінің құзыретіне жататын басқа да мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

19. Агенттіктің аппаратын Қазақстан Республикасының Президенті Қазақстан Республикасының Премьер-Министрімен келісім бойынша қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын жауапты хатшы басқарады.

20. Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Агенттік төрағасының орнынан түсуі жауапты хатшының өкілеттігінің тоқтауына әкелмейді.

21. Жауапты хатшы:

1) Агенттік төрағасы қалыптастыратын саясатты іске асыруды қамтамасыз етеді және оның актілері мен тапсырмаларын орындайды;

2) Агенттіктің аппаратына басшылықты жүзеге асырады: оның бөлімшелерінің жұмысын ұйымдастырады, үйлестіреді және бақылайды;

3) Агенттіктің қызметін ақпараттық-талдамалық, ұйымдастырушылық-құқықтық, материалдық-техникалық және қаржылық қамтамасыз етуді ұйымдастырады;

4) Агенттік төрағасымен келіскеннен кейін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен штат санының лимиті шегінде Агенттіктің құрылымы мен штат санын бекітеді;

5) Агенттік төрағасымен келіскеннен кейін Агенттіктің құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді;

6) Агенттіктің тәртіптік, аттестаттау және конкурстық комиссияларының қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады, атқарушылық және еңбек тәртібінің сақталуын, кадр қызметінің жұмысын және құжат айналымын ұйымдастыруды бақылайды;

7) Агенттіктің қызметін қамтамасыз ету және оған жүктелген міндеттерді орындау мақсатында мемлекеттік сатып алуды жүргізуді ұйымдастырады;

8) Агенттіктің төрағасымен келіскеннен кейін Агенттік департаменттерінің және басқармаларының басшыларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

9) еңбек қатынастарының мәселелері жоғары тұрған мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың құзыретіне жатқызылған қызметкерлерді қоспағанда, Агенттіктің қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

10) Агенттік төрағасымен келісім бойынша Агенттіктің қызметкерлерін іссапарға жіберу, демалыстар беру, материалдық көмек көрсету, даярлау (қайта даярлау), біліктілігін арттыру, көтермелеу, үстемақылар төлеу және сыйлықақы беру мәселелерін шешеді;

11) Агенттік төрағасымен келісім бойынша еңбек қатынастарының

мәселелері жоғары тұрған мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың құзыретіне жатқызылған қызметкерлерді қоспағанда, Агенттік қызметкерлерінің тәртіптік жауапкершілігі мәселелерін шешеді;

12) Агенттіктің Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасының Үкіметі және Агенттік төрағасы бекітетін стратегиялық және бағдарламалық құжаттарын әзірлеуді қамтамасыз етеді;

13) Агенттіктің жыл сайынғы жұмыс жоспарын және оның қызметінің нәтижелері туралы жыл сайынғы есепті әзірлеуді қамтамасыз етеді және Төрағаға бекітуге ұсынады;

14) Агенттіктің бюджеттік өтінімін дайындауды, бюджеттік өтінімді Республикалық бюджет комиссиясының қарауына енгізетін Агенттік төрағасына ұсынуды, сондай-ақ бюджет процесінің өзге де рәсімдерін орындауды қамтамасыз етеді;

15) Агенттік төрағасымен келісілгеннен кейін Агенттікті қаржыландыру жоспарларын және қаржылық есептілігін әзірлеуді қамтамасыз етеді және бекітеді;

16) мемлекеттік қызмет көрсету регламенттері мен стандарттарын әзірлеуді қамтамасыз етеді;

17) Агенттіктің құзыреті шегінде нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуді ұйымдастырады;

18) Агенттікке келісуге келіп түскен нормативтік құқықтық актілердің жобалары бойынша қорытындылар дайындауды ұйымдастырады;

19) өз өкілеттіктері шегінде мемлекеттік органдармен және өзге де ұйымдармен өзара қатынастарда Агенттікті білдіреді;

20) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес халықаралық шарттар мәтіндерін дәйектейді, қол қояды және қабылдайды;

21) Қазақстан Республикасының заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жауапты хатшыға жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

22. Жауапты хатшы:

1) Агенттік аппаратының қызметкерлеріне орындауға міндетті тапсырмалар беруге;

2) өзге де мемлекеттік органдардан, лауазымды адамдардан жауапты хатшының құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешу үшін қажетті ақпаратты, құжаттар мен материалдарды сұратуға және алуға;

3) жеке қолданылатын құқықтық актілер қабылдауға құқылы.

23. Жауапты хатшы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзіне жүктелген міндеттердің орындалуына дербес жауапты болады.

24. Агенттіктің төрағасы жанынан консультативтік-кеңесші орган болып

табылатын алқа құрылады. Алқаның сандық және дербес құрамын Агенттік
т ө р а ғ а с ы б е к і т е д і .

26. Агенттік қызметін ұйымдастырудың өзге де мәселелері, лауазымды адамдарының құқықтары мен міндеттері, оның қызметін қамтамасыз ететін құрылымдық бөлімшелердің құзыреттері мен өкілеттіктері Агенттік жұмысының регламентімен және Агенттіктің құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерімен белгіленеді.

4. Агенттіктің мүлкі

27. Агенттіктің жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болады. Агенттіктің мүлкі оған мемлекет берген мүлік, сондай-ақ құны Агенттіктің теңгерімінде көрсетілетін өзге мүлік есебінен қалыптасады.

28. Агенттікке бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

29. Егер заңда өзгеше белгіленбесе, Агенттіктің өзіне бекітілген мүлікті және өзіне қаржыландыру жоспары бойынша бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе өзге тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Агенттікті қайта ұйымдастыру және тарату

30. Агенттікті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 2

ж ы л ғ ы

9

ш і л д е д е г і

№

9 2 6

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Қазақстан Республикасы Атом энергиясы агенттігінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесі

Ескерту. Тізім жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.11.12 N 1433 Қаулысымен.

1. Қазақстан Республикасы Атом энергиясы агенттігінің «Қазақстан Республикасының ұлттық ядролық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны.

2. Қазақстан Республикасы Атом энергиясы агенттігінің «Ядролық физика институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік к ә с і п о р н ы .

3. Қазақстан Республикасы Атом энергиясы агенттігінің «Геофизикалық зерттеулер институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны.

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 2

ж ы л ғ ы

9

ш і л д е д е г і

№

9 2 6

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

1. «Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 25 маусымдағы № 790 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., № 29, 256-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесінде:

«Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі» деген бөлімде реттік нөмірі 105-6-жол алынып тасталсын; мынадай мазмұндағы бөліммен және реттік нөмірі 538-жолмен толықтырылсын:

«Қазақстан Республикасы Атом энергиясы агенттігі

538. Қазақстан Республикасы Атом энергиясы агенттігінің «Қазақстан Республикасының ұлттық ядролық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны, Курчатov қаласы».

2. «Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің кейбір мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 26 қарашадағы № 1237 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., № 47, 586-құжат):

1) көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі туралы ережеде:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) – индустрия және елді индустриялық-инновациялық, ғылыми-техникалық дамыту, тау-кен металлургиялық кешен, машина жасау, химия, фармацевтика және медицина өнеркәсібі, жеңіл, ағаш өңдеу және жиһаз өнеркәсібі, құрылыс индустриясы және құрылыс материалдары өндірісі; инвестицияларды мемлекеттік қолдау, салалық бағытталуына сәйкес машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі және химия

өнімінің қауіпсіздігі; арнайы экономикалық аймақтарды құру, олардың жұмыс істеуі және оларды тарату, экспорттық бақылау; техникалық реттеу және өлшемдер бірлігін қамтамасыз ету; электр энергетикасы; көмірсутегі шикізатын қоспағанда, минералдық ресурстар; мемлекеттік геологиялық зерделеу, минералдық-шикізат базасын ұдайы өндіру, жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдалану, жер қойнауын пайдалануды қатты пайдалы қазбалар, жер асты сулары мен емдік балшық бөлігінде мемлекеттік басқару; көмір өнеркәсібі; жаңартылған энергия көздерін пайдалануды қолдау, энергия үнемдеу, туристік қызмет саласында басшылық етуді, сондай-ақ оның құзыретіне жатқызылған қызмет саласында салааралық үйлестіруді (бұдан әрі – реттелетін салалар) жүзеге асыратын орталық атқарушы орган болып табылады.

Министрліктің мынадай ведомстволары бар: Инвестиция комитеті, Туризм индустриясы комитеті, Өнеркәсіп комитеті, Техникалық реттеу және метрология комитеті, Мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау комитеті, Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті.»;

12-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) индустрия және елді индустриялық-инновациялық, ғылыми-техникалық дамыту, тау-кен металлургиялық кешен, машина жасау, химия, фармацевтика және медицина, жеңіл, ағаш өңдеу және жиһаз өнеркәсібі, құрылыс индустриясы және құрылыс материалдары өндірісі, инвестицияларды мемлекеттік қолдау, салалық бағыттылығына сәйкес машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі және химия өнімінің қауіпсіздігі, арнайы экономикалық аймақтарды құру және олардың жұмыс істеуі, экспорттық бақылау, техникалық реттеу және өлшемдер бірлігін қамтамасыз ету, электр энергетикасы, қатты пайдалы қазбалар, жер асты сулары және емдік балшық бөлігінде жер қойнауын пайдалану, көмір өнеркәсібі, мемлекеттік геологиялық зерделеу, минералдық-шикізат базасын ұдайы өндіру, жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдалану, жер қойнауын пайдалануды қатты пайдалы қазбалар, жер асты сулары мен емдік балшық бөлігінде мемлекеттік басқару, жаңартылған энергия көздерін пайдалануды қолдау, энергия үнемдеу, туристік қызмет саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыруға және іске асыруға қатысу;»;

13 - т а р м а қ т а :

193), 194), 195), 196), 197), 198), 199), 200), 201), 202), 203), 204), 205), 206), 207), 208), 209), 210), 211) тармақшалар алынып тасталсын;

2) көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесінде:

«Республикалық мемлекеттік кәсіпорындар» деген бөлімде:
реттік нөмірі 1-жол алынып тасталсын.

3. «Республикалық мемлекеттік меншіктің кейбір мәселелері туралы»

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 11 маусымдағы № 483 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., № 19, 214-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген жалпы мемлекеттік міндеттерді орындау үшін қажетті республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесінде:

«Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі» деген б ө л і м д е :

реттік нөмірі 47-3-жол алынып тасталсын;
мынадай мазмұндағы бөліммен және реттік нөмірі 303-жолмен т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

«Қазақстан Республикасы Атом энергиясы агенттігі
303. Қазақстан Республикасы Атом энергиясы агенттігінің «Қазақстан Республикасының ұлттық ядролық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны».

4. «Министрліктер мен өзге де орталық атқарушы органдардың олардың аумақтық органдарындағы және оларға ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелердегі адам санын ескере отырып, штат санының лимиттерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 15 сәуірдегі № 339 қ а у л ы с ы н д а :

көрсетілген қаулымен бекітілген министрліктер мен өзге де орталық атқарушы органдардың олардың аумақтық органдарындағы және оларға ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелеріндегі адам санын ескере отырып, штат санының лимиттерінде:
реттік нөмірі 15-жолда:

«Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі, оның аумақтық органдарын және оған ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерді ескере отырып, оның ішінде»:

«1171» деген сандар «1136» деген сандармен ауыстырылсын;
мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 25-жолмен толықтырылсын:

«

25.	Қазақстан Республикасы Атом энергиясы агенттігі	73
-----	---	----

».